



МУХТАР АЗАТ- ҚАЗАЛЫ

№58
(2123)
Сәрсенбі
21 маусым
2023 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН – АДАЛ АЗАМАТ» АТТЫ ЕКІНШІ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тақырыбына арналды. Жиынның алғашқы күні еліміздің әрбір аймағынан арнайы келген делегаттар ұлт келешегі үшін өзекті мәселелерді талқылады. Ал екінші күнгі негізгі жиында Қасым-Жомарт Тоқаев жиналған қауым алдында сөз сөйлеп, ел дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын ой-толғамдары мен ұсыныстарын ортаға салды.

Мемлекет басшысы Ұлытау төріндегі алғашқы құрылтайдан бері өткен бір жылда елімізде конституциялық реформа жасалғанын, бұл өзгерістер мемлекеттігіміздің тұғырын бекіте түскенін, ұзақ мерзімге арналған демократиялық бағдарымызды айқындап бергенін атап өтті. Президенттің айтуынша, Әділетті Қазақстанды құру министрлер мен әкімдердің ғана міндеті емес. Оған бүкіл қоғам болып жұмылу керек. Ал түпкі мақсатқа жету үшін саяси-экономикалық рефор-

ма жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс. Әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер.

Президент отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс екенін айтты.

– Осындай ізгі қасиеттің бәрін бойына сіңірген жанды Адал азамат деген бір ауыз сөзбен сипаттауға болады. Шын мәнінде, біз айтып жүрген Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Ұлы Абай «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі» деген. Ал арлы адам әділетсіздік жаса-

майды. Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды. Жемқорлыққа жол берілмейді, ел мүддесіне сай шешім қабылданады. Бір сөзбен айтсақ, қоғамдағы ізгіліктің бәрі адалдықтан бастау алады. Ендеше, Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ұлттық бірегейлігімізді нығайтып, еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтыру үшін жүйелі жұмыс жүргізілуге тиіс екеніне назар аударып, осы жұмыстың нақты бағыттарына тоқталды. Атап айтқанда, Президент мемлекеттік нышандарды жетілдіру; ұлтымыздың тарихи сана-сезімін жаңғырту; мәдени мұрамызды жан-жақты дәріптеу; өскелең ұрпақтың тәрбиесіне мән беру; ақпарат саясатының тиімділігін арттырып, креативті индустрияны дамыту; мемлекеттік саясатта талдау, сараптама жасау

қызметін сапалы жүргізу; шекаралас аймақтарды дамыту; мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөнінде маңызды мәселелерді қозғап, тың бастамалар ұсынды.

Жиынды Мемлекеттік кеңесші, Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары Ерлан Қарин ашып, жүргізіп отырды. Құрылтай мүшелері атынан Қолданбалы экономика зерттеулері орталығының ғылыми жетекшісі, белгілі қоғам қайраткері Жақсыбек Құлекеев, Қазақстанның Еңбек Ері Вадим Басин, «Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Ақылбай, Парламент Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры, белгілі өнер қайраткері Азамат Сатыбалды сөз сөйледі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында сөйлеген сөзінің толық мәтінімен танысуға болады.

АУДАН ӘКІМІ «АРАНДЫ» ЖӘНЕ «БОЗКӨЛ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев «Аранды» және «Бозкөл» ауылдық округтеріне арнайы барып, тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Кездесуде аудан басшысы жыл басынан бері ауданда атқарылып жатқан жұмыстарды тілге тиек етіп, алдағы жоспарларымен де бөлісті.

Басқосуда тұрғындар өздерін толғандырған сұрақтарын аудан басшысының назарына ұсынды. Атап айтар болсақ, округтегі балабақшаға меңгеруші қажет екенін жеткізді. Сондай-ақ, ауыз су, аяқ су мәселесі және «Актив» байланыс желісінің жылдамдығы төмен екендігі айтылды.

Мұхтар Әуесұлы арандылықтардың тарапынан айтылған ұсыныс-пікірлер ескеріліп, алдағы уақытта кезең-кезеңімен шешімін табатынын жеткізді.

Аудан әкімі Қожабақы аулына сапары кезінде елді мекендегі дәрігерлік амбулаторияның жұмысымен танысып, медицина қызметкерлерін мерекелерімен



құттықтады. Одан кейін №25 орта мектепке аялдап, білім ошағының жаңа оқу жылына дайындығымен танысты. Сонымен қатар, «Айгүл» бөбекжай-балабақшасына да барып, тәрбиеленуші балғындардың жағдайын білді.

Бүгінде «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей» автомобиль жолы орташа жөндеуден өтуде. Мердігер мекеме - «Қазалы-Жолшы» ЖШС-і

тарапынан 1,5 шақырымға асфальт төселген. Жауаптыларға жолдың сапалы болуына қатты мән беру қажет екенін айтқан аудан әкімі құрылыстың уақытылы аяқталуын да қаперден шығармауды еске салды.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың тұрғындармен кездесуі Бозкөл ауылдық округінде жалғасты.

Ауылдық мәдениет үйінде өткен басқосу барысында аудан басшысы

сы атқарылған және алдағы уақытта шешімін табатын жұмыстарға тоқталып, халық жолдаған сауалдарға жауап берді.

Кездесуде округ жұртының басым көпшілігі жұмыссыздық жайын көтерді. Одан бөлек, жол, аяқ су және жайылымдық жерлерге қатысты сұрақтарды ортаға салды.

Аудан басшысы барлық тұрғындардың талап-тілегі ескерусіз қалмайтындығын, қажетті шаралар бірлесіп атқарылатындығын жеткізді. Сондай-ақ, айтылған ұсыныстарға байланысты жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Жиында аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Талайлы Бөріқұлақов сөз алып, ауданда атқарылып жатқан жұмыстар ауқымды екенін тілге тиек етіп, елді ауызбіршілікке шақырды.

Кездесуден соң Мұхтар Әуесұлы округте жаңадан бой көтеретін дәрігерлік амбулаторияның орнын көрді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

АУДАН ӘКІМІ ШАЛҒАЙ ЕЛДІ МЕКЕН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕРІН ТЫҢДАДЫ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев шалғайда орналасқан елді мекендерге арнайы барып, тұрғындармен кездесті.

Аудан басшысы Қызылқұм ауылдық округі халқымен жүздесіп, аудан көлеміндегі атқарылып жатқан жүйелі жұмыстарды сөз етті. Оған қоса алдағы мақсат-міндеттермен бөлісіп, алыстағы ағайынның талап-тілектеріне құлақ түрді.

Кездесуде тұрғындар аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағаларын беріп, ауылдағы жол мәселесін көтерді. Маса, сона және кенеге

қарсы дезинфекция жұмыстары жүргізілсе екен деген тілектерін жеткізді.

Мұхтар Әуесұлы әрбір ұсыныс үнемі назарда болып, олардың оңтайлы шешілу жолдары қарастырылатынын айтты.

Аудан басшысы елді мекендегі №225 орта мектепке аялдап, білім ошағының жаңа оқу жылына дайындығын көрді.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың тұрғындармен кездесуі «Тасарық» ауылдық округінде жалғасты.

Ауылдық клубта өткен басқосуда оңтайлы шешімін та-

уып келе жатқан жұмыстарды тілге тиек етіп, тұрғындардың мұң-мұқтажын да тыңдады.

Елді мекен тұрғындары жиында аяқ су, ауыз су және жол мәселелерін көтерді. Сондай-ақ, бірқатар тұрғын жұмыссыздық жайын алға тартып, тұрақты жұмыс қажет екенін жасырмады.

Аудан басшысы көтерілген мәселелердің барлығы кезең-кезеңімен шешімін табатындығын жеткізді. Жеке қабылдау өткізіп, ауыл тұрғынының мәселесі бойынша жауапты сала басшыларына тапсырма жүктеді.

Бүгінгі таңда «Тасарық» ауылдық округінде әкімшілік ғимаратының құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жаңадан бой көтерген нысанның қазіргі таңда 60 пайызға жуығы аяқталды. Одан бөлек, елді мекенде орталық саябақ алаңын салу жұмысы қызу жүріп жатыр.

Аудан басшысы құрылыстың басына арнайы барып, шаруаның аяқалысынан хабар алды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

●Тұлға

ҚОЖАНАЗАР ИШАН

Халыққа танымал ғұламалардың бірі Қожаназар ишан Артықбайұлы.

Он тоғызыншы ғасырдың соңында Қазалы уезінде мұсылмандық дін тұрақтала бастаған. Білімділігімен, тақуалығымен, жеке басының қасиеттерімен бұқара әлемінің мұсылмандарына танымал, Меккеге үш мәрте барып қайтқан Қаракесек руынан шыққан Қожаназар ишан болатын. Ол Жаңақазалы поселкесінде інісі Бекназарға арнап 1898 жылы мешіт салдырып, 1902 жылы пайдалануға берген.

Қожаназар ишанның тегі Әлім тайпасының бірі-Ұланақтан тарайды. Ұланақтан –Есіл, Есілден –Үңгіт, Үңгіттен –Табаншы, Естек, Есенгелді, Жақау туған. Жақау батырдың тоғыз баласының тұңғышы-Тыныбектен-Тілес. Тілестен алты бала –Ақай, Абылай, Атан, Сатым, Батыр, Шөкір, Атаннан –Тоған, Тоғаннан –Орақ, Арданбай, Тұяқ, Қойшаман, Орақтан –Артықбай, Арланбай, Отбай, Артықбайдан – Қожаназар, Ақназар, Бекназар.

Артықбайдың баласы – Қожаназардың жеті баласы болған. Олар; Әбдірахман, Әбділдә, Әбдірейім, Әбдікәрім, Әбдімәлік, Әбдісаттар, Әжемет.

Қожаназар ишан Артықбайұлы 1854 жылы Қазалы уезінің «Арықбалық» аулында дүниеге келген. 16 жасында Бұхараға оқуға барып, Көкілташ медресесінде Тілеулес, Әділхан имамдармен бірге жеті жыл оқып, шатырхат алып елге оралады. Медресені бітіріп келген соң «Арықбалық» аулында дәрия жағасына мешіт салдырып, ислам дінін насихаттаған.

Қожаназар ишан Арал ауданының Тоқабай деген жерінде мешіт салдырып, Әли баласын сол мешітке имам етіп сайлады. Орақ батырдың екінші баласы Арланбайдан туған Жанназарға арнап «Қамыстыбас» бекетінде

мешіт салдырған. Ол мешіт қазіргі кезде бар.

Үлкендердің айтуынша, Қожаназар ишан Арал, Қазалы жерінде бес мешіт салдырған, қазіргі кезде екеуі ғана бар.

Артықбай баласы Бекназар мұсылманша білім алған. Ағасы Қожаназар салдырған мешітте 1902-1924 жылдары имамдық қызмет атқарған. 1924-1931 жылдары Бекназарұлы Нұрмағанбет, 1931-1937 жылдары Қожаназарұлы Әбдірахман имам болып тұрғанда репрессияға тап болып, ұсталып кеткен. Одан кейін Қожаназар мешіті 10 жыл қоймаға айналған.

1947 жылы азамат соғысының ардагері Сақтағанов Берсәлі Сталинге хат жазып, мешіттің үкіметке де, халыққа да ешқандай зияны жоқ, тек халықты имандылыққа, бірлікке тәрбиелейді деп дәлелдеген. Сөйтіп Сталиннің рұқсатымен 1947 жылы мешіт ашылып, балаларды мұсылманша оқытып, халыққа қызмет ете бастады. 1947-1960 жылдары Ақназарұлы Әли имам болды. Ол 1893 жылы дүниеге келіп, 1960 жылы 11 қарашада 66 жасында қайтыс болды.

Ақназардың Әли, Балмахан, Жолмахан, Бибірайхан деген ұл-қыздары болған.

Қожаназар ишан Меккеге қажылыққа үш мәрте барған. Бірінші сапарға 1874 жылы барып, төрт жылдан кейін оралған. Екінші рет 1910 жылы, үшінші рет 1916 жылы барған. Ол кісі дүниені жеке басына пайдаланбай, жетім-жесірлерге көмектесіп отырған.

Қожаназар ишан бабасы Жақаудан тараған туған-туыстарына көмек көрсетіп, олардың да балаларының діни білім алуы үшін Бұхараға жіберіп отырған. Ағайын –туыстарының балаларына өзі салдырған мешіттерге ие болып, жолын жалғастыруды сұраған. Өзінің

балаларының барлығы да ишан, имам, қари, молда атанған. Қожаназар ишанның баласы Әжемет Меккеге барып, сонда тұрақтап қалған.

Қожаназар ишанның баласы Әбдікәрімнің Жұбатқан есімді баласы Астанада тұрады. Әбдікәрімнің Мақашының қыздары: Бибігүл, Алтынгүл, Майгүл отбасылы, ұл-қыз өсіріп отыр.

Қазалы қаласы уез орталығы болып тұрғанда, аймақта 12 мешіт болған. Қазалы қаласында Ноғай, Сарт мешіті, Әзілхан ишан мешіті, Тәжімбай, Тілеулес, Алтай ишан мешіттері мен дәрия бойында Қожаназар ишан мешіті, тағы басқалар.

Өмірден озған оғыландардың өшпейтін өнегелі жолын, жасампаздық та жанқиярлық істерін, кемел қасиеттерін кейінгіге жеткізу, ерліктерін елдің есіне салу, ұрпақтың санасына сіңіру, рухын қастерлеу ұлттық тәрбиенің тағылымды жолы. Өткенді ұлықтаудың үздік үлгісі.

«Жақсының жақсылығын айт иманы тасысын» демекші, саналы ғұмырында ақиқаттың жолында адамгершіліктің туын жықпай өткен азаматтарға қандай мадақ айтсақ та жарасымды.

Саққұлақ бидің; «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, жолдасы –кәсіп, қорғаны –сабыр, қорғаушысы –мінез, сыншысы –халық» деген ұлағатты сөзі бар.

Қожаназар ишан Меккеге қажылыққа үшінші барған сапарында «Мен Бұхараға бара жатырмын» деп бір кісі жолдас болады. Ол кісі керуеннен озып, ат шалдырайық деп алға озып кетеді. Адамға сеніп үйренген Қожаназар ишан намазын оқып, керуен келгенше демалып, көз шырымын алайын деп қалғып кетеді. Сол кезде қасындағы кісі

оның тамағын қанжармен орып жіберіп, атын алып қашады. Көп ұзамай керуен келіп, адамдар Қожаназардың тамағына киіз күйдіріп басып, қанын тоқтатады. Қанжар қаға тиіп, Қожаназар ишан аман қалады.

Керуен жолға шығады. «Маған қастық қылған адам ұзамас» деген екен Қожаназар ишан. Айтқанындай-ақ, қастық қылған адамның өліп жатқанын көреді. Содан бастап Қожаназар ишан қырылдап сөйлейтін болған дейді оны көрген үлкендер. Осыдан кейін оны әулие деп білген.

Қожаназар ишан туралы көнекөз қариялардан есіткен бірнеше әңгімелерді келтірейік.

Меккеге үш рет барған сапарында анау-мынау адамдарға ашылмайтын қағбаның есігі ол кісіге ашылады екен.

Қожаназар ишан баласы жоқтарға, ауру-сырқауларға, Алладан бала тілегендерге септігін тигізген.

Ишанның аулына келе жатқандар жолда ишанның үйінен қазы-қарта немесе өздері жегісі келетін тағамның атын айтса, үйге жетіп дастархан басына отырғанда «мынау жолда келе жатып, жесек деген тағамдарың, алыңдар, жеңдер», -деп айтады екен.

Өзі үйде отырғанда үйге келе жатқан жолаушылар мен қонақтарды алдын-ала сезіп, мал сойдырып, дастархан жайдырып қояды екен. Осындай аңыз-әңгімелер ел аузында сақталған.

Кім-кімнің де жиған абыройы өмірлік алтын қазынасы. Ар мен абыройды аласартпай өткен, өз кезеңінің тарихынан ойып тұрып орын алған тұлғаның бірі- Қожаназар ишан өзінің туған жері «Арықбалық» аулында 1917 жылы Пайғамбар жасы 63-ке келгенде дүниеден озды.

**Нұрдәулет НӘБИ,
Қазалы аудандық орталық
«Жанқожа батыр» мешітінің
бас имамы**

АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ



Ия, отыз жылға таяу ғұмырын қоғамдық тәртіп сақшылығына арнаған полиция подполковнигі Нағашыбай Нарымбетұлының есімі сала қызметкерлеріне толық таныс деуге негіз бар.

Нағашыбайды елубес жылдан бері жақсы танымын. Екеуміз 1968 жылы Қазалы ауданындағы №34 кәсіптік-техникалық училищесінің екі жылдық курсына бірге оқыдық. Одан кейін ішкі істер бөлімінде бірге жұмыс істеп достығымыз нығая түсті.

Нарымбетұлы Нағашыбай «Бозкөл» аулында қарапайым отбасында дүниеге келген. 1961 жылы ауылдағы мектептің 1-ші сыныбына оқуға барып, 4-ші сыныпты бітірген соң Жанқожа батыр аулындағы мектепте оқуын жалғастырып орта мектепті тәмамдаған.

1971-1973 жылдары кеңес армиясы қатарында борышын өтеп, «Өркендеу» кеңшарында механизатор болып еңбек етеді.

Күзде егін жинаудың қызған шағында ауылдағы қырманға ауданнан өкілдер де, құқық қорғау қызметкерлері де жиі баратын. Аудандық ішкі істер бөлімінен ауылға өкіл болып барған милиция аға сержанты Әшірбек Қалмұратов өз ісіне тиянақты, дене бітімі де ержігітке сай, мінезі ұстамды, сабырлы Нағашыбайға көзі түсіп:

-Сен нағыз милиция қызметіне лайық жігіт екенсің. Өзің жассың, әрі тиісті жұмысыңды беріліп атқарады екенсің. Әскери борышыңды да тәртіппен өтеп келгеніңді де қатарластарыңнан сұрастырып білдім. Қарапайым отбасында тәрбиеленген екенсің. Егін жинау науқаны аяқталған соң менімен бірге аудан орталығына жүр. Басшыларыма таныстырып, сенің

қатардағы милиция қызметіне орналасуыңа көмектесейін. Кейін сырттай оқып қызмет сатысына өсемін десең тіпті жақсы, - дейді сақа сержант.

Әр нәрсенің сәті болады. Нағашыбай 1976 жылы қатардағы милиция қызметіне орналасады. Үш айлық білім жетілдіру курсына бармақшы болып жүргенде, яғни 1975 жылдың тамыз айының 13-нен 14-не қараған күні аудан орталығындағы «Большевик» көшесінің батыс жағындағы азық-түлік дүкенінің ағаш қоршауының ішінде бір адамның әйнек қиятын

құралмен терезенің әйнегін қиып жатқанын Нағашыбай байқап қалады. Дерееу көшенің қараңғы жағына шығып дүкен қоршауы жаққа сығалап қараса түсі суық, шашы дудыраған, қолына резина қолғап, үстіне спорт киімін киген жігіт әлсін-әлсін тың-тыңдап, әйнекті өте сақтықпен қиып жатқанын анық көреді.

Нағашыбай дүкенге жақын жердегі шаруашылық қоймасының қарауылының үйшігінен кезекші милицияға хабарласады.

Жеделдетіп жеткен үш милиция қызметкері мен Нағашыбай қылмыскерді дүкеннен алып шыққан 970 сом ақшасымен ұстағанының көзі тірі куәсінің бірімін.

Нағашыбай 1976 жылдың күзінде Қостанай қаласындағы милицияның арнаулы үш айлық курсына оқып, Қазалыдағы қызметіне кіріседі.

Тағы бір қызықты қарасаңшы. Түнгі патрульдік қызметін аяқтап, түн ортасы ауа кенттің батыс жағындағы үйіне қайтады. Үйіне жақын ПМК мекемесінің қапталынан өтіп бара жатып біреудің жүргенін көзі шалады. Беймезгіл уақытта жүрген кім деп тасада тұрып бақылау жасайды. Милиция бөліміне хабарлауға жақын маңда байланысатын жер жоқ. Албырт жігіт емін-еркін терезеден асхана ішіне секіріп түседі. Бұны күтпеген ұры иығындағы қос ауызды аңшы мылтығымен атады. Құдай оңдап оғы бетон қабырғаға тиіп, бытыралар жан-жаққа шашырайды. Екінші рет атпақшы болған қылмыскердің мылтығына жармасқанда атқан оғы төбедегі бетонға тиеді. Нағашыбай жан екпінмен ұрының мылтық ұстаған қолын қайырып, жуасыта-

ды. Қанатынан қайырылған құстай болып қолға түскен қылмыскер кейін тиісті жаза-сын алды.

Тағдыр Нағашыбай сынды баласының, келіндері мен немерелерінің қызығын көруді әкесі Нарымбетпен анасы Зағипаға жазбапты. 1974 жылы әкесі, 1975 жылы анасы о дүниелік болып кете барды.

Нағашыбай 1978 жылы Қызылорданың іргесіндегі «Тасбөгет» кентіндегі бөлімшеге қызметке ауысты. Әрі сол жылы Алматы қаласындағы милицияның арнаулы мектебіне сырттай оқуға түсті.

Тәртіптілігімен, ізденімпаздығымен, көркем де сыпайы мінезімен қызмет атқарған жас сарбаздың еңбегі еленді. Жеті жыл қатарынан облыстық басқарманың (УВД-ның) озаттар тақтасында суреті ілулі тұрды. Өсті, өнді. Сырттай оқуын бітіріп офицерлік дәрежеге жетті. Қайтадан туған жері Қазалыға келіп қызметін жалғастырды. К.Маркс, «Майдакөл», Ү.Түктібаев, «Жаңақұрылыс» кеңшарларында учаскелік уәкіл болып қызметін адал атқарды. Талай рет ауылдық жерлердегі мал ұрлықтарын әшкереледі.

1997 жылы Қармақшы аудандық ішкі істер бөлімінің тергеу саласы бойынша бастықтың орынбасары болып қызметке ауысып, іскерлігімен көрініп, облыстық басшылардың назарына ілікті. 1997 жылы Қазалы ішкі істер бөлімінің тергеу бөлімінің бастығы лауазымына көтерілді. Екінші бірінің қолы жете бермейтін подполковник шенін алды. Министрдің қолынан «Еңбегі сіңген аймақтық уәкіл» марапатын, «Мінсіз қызметі үшін» III-II-I дәрежелі медалдар мен «ҚР полициясының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Облыс, аудан әкімдерінің, бөлім басшыларының мақтау қағаздарына ие болды.

Полиция қызметінің қиыншылығы қатар жүреді ғой. Өміріне қауып төнетін кездеріде кездеседі. Нағашыбай соның бірін айтып мені бір Алла сақтады ғой деп отырады.

1980 жылдың жаз айы. Түн ортасы ауа «Тасбөгет» кентіндегі ресторанның көше жақ бетімен жүріп үйіне келе жатады. Ресторан терезесінен біреудің жүргенін байқайды. Ресторанның қызметкерлері, не күзетшілері ма деп ойлай-

ды. Алайда әлгі адам терезеден секіріп түседі де қараңғыға қарай қашады. Бірақ қолында ет шабатын шағын балта барын да қырағы сақшы байқап үлгіреді. Көшеде қуып келе жатып оның бір қуысқа қарай бұрылып қашқанын байқайды. Қуысқа ізінен кірейін десе балтамен ұрады ма деп қауіптенеді. Өйтседе Нағашыбай қуыстың тұсынан өте бергенде зу етіп лақтырылған өткір балта желке тұсынан өте шығады. Қаша жөнелген қылмыскерді тағы қуа жөнеледі. Балтасының лақтырған жерде қалғанын білген соң барын салады. Бір көшенің тасасында тұрған «Москвич» машинасына жетіп есігін аша бергенде ізінен жетіп қолын артына қайырып, белдігімен қолын байлайды.

Нағашыбай 2003 жылы абыроймен зейнеткерлікке подполковник шенімен шықты. 27 жыл қызмет еткенде еңбек кітапшасында ешқандай жазаланғаны жазылмаған. Марапаттары ғана тізілген.

Демалысы аз, міндеті көп, қиыншылығы жетіп артылатын қызметте жүріп әріптесіміз ұрпақ тәрбиесін дұрыс жолға қоя білген. Зайыбы Зәуреш екеуі 8 ұл, қыз, 14 немере мен 5 шөберенің қызығын көріп отыр. Ұл, қыздары өсіп жетіліп әке тәрбиесінен нәр алып тәртіптіліктерімен ерекшеленгендердің қатарында. Балалары Алматы қаласының тұрғындары. Бір қызы медициналық академияны бітірген, Астанада дәрігер. Нұрсұлтан есімді баласы Қонаев атындағы заң академиясын бітіріп, әкесінің ізін қумақшы. Кенже баласы Қожахмет Алматыдағы Қазақ-Британ техникалық университетінің үшінші курс студенті. Ал қалған ұл-қыздары да өмірден өз орындарын таба білгендер қатарында.

Нағашыбай 2018 жылдан бері медиатор. Әрі аудандық полиция бөлімі жанындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы. Бұл салада да атқарып жатырған жақсы істері жетерлік. Кеңес құрамында 96 ардагер есепте тұрады.

Аудандық ішкі істер бөлімі ардагерлер кеңесінің төрағасы Нағашыбай Нарымбетұлы тәртіп сақшыларының суарылған семсері деуге лайықты азамат.

Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
ҚР ішкі істер
министрлігінің құрметті
ардагері

ҚИМАСЫМЫЗ ЕДІҢ

• Еске алу



Әйтеке би кенті, Мұстафа Шоқай көшесі, №187 үйдің бұрынғы тұрғыны Тұрымбетов Тілеубектің өмірден озғанына қырық күн болды. Ол тірі кезінде Күлпандай құрбымызға асыл жар, төрт балаға ардақты әке, үлкенге іні, кішіге аға, құрбы-құрдастарына кішіпейіл, құрметті, сыйлы болған азамат еді. Алланың ісіне амал бар ма, бұл өмірден озып кете барды:

Бұл өмірде атар талай таң күліп,

Тілеубек деген есімің қалар жаңғырып.

40-күн емес, қырық жыл өтсе де,

Сыныптастарың сені ұмытпайды мәңгілік.

Темір жолда қызмет еттің, тарланы ең,

Еңбегінді темір жолға арнап ең.

Абыроймен зейнет жасқа келгенше,

Мақтау алып, мадақталып самғап ең.

Жатқан жерің жарық болып, жайлы болсын топырағың,

Жасамаған жастарыңды ұрпақтарың жалғасын.

Бірге жүрген құрбы-құрдас, достарыңның тілегі,

Артта қалған ұрпағың еш жамандық көрмесін.

Досымыз Тілеубек Тұрымбетовтың 40 күндік асы

1 шілде күні Әйтеке би кенті, Мұстафа Шоқай көшесі, 187-ші

үйде сағат 11-де өткізіледі.

Еске алушылар:

кластастары,

достары және Өтебалы

80 ЖАСТАҒЫ КЕЙУАНА

Қазалы ауданы, Ақтан батыр аулында 80 жастағы қарт кейуана Сәрсенбаева Аманбике тұрады. Ол 1943 жылы 7 шілдеде «Арықбалық» ауылдық округі, бұрынғы Ленин колхозы, қазіргі Жанқожа батыр аулында дүниеге келген.

1951 жылы мектеп есігін ашып, 1958 жылы 7 класты бітірген. 1961 жылдың ақпан айында Бекжанұлы Өтегенмен бас қосып, Аманкелді, Жақсылық атты ұлдарды өмірге әкелген. Жары Бекжанұлы Өтеген 1969 жылы қайтыс болып, 27 жасында жесір қалған. 1970 жылы XXII партсъед атындағы со-вхозда, қазіргі Ақтан батыр аулында балабақшада аспазшы болып жұмыс істеген.

1972-1983 жылдары ПМК-86, ПМК-19, ПМК-70 мекемелерінде бас аспаз, асхана меңгерушісі, «Арал-Сарыбұлақ» су құбырының құрылысы басталғанда аспаз, 1983-1993 жылдары Қазалының орталық базарында, дүкенде меңгеруші болып жұмыстар атқарған. 1993 жылы 50 жасында зейнеткерлікке шыққан.

Аманбике апамыз бейнеттің ауыртпалығын арқалай жүріп, екі ұлын бағып, қағып өсірді. Үлкен ұлы

Аманкелді 4 балалы болғанда қайтыс болады. Ал кіші баласы Жақсылық Отан алдындағы борышын өтеп жүргенде дүниеден өтеді. Үлкен ұлы Аманкелдіден қалған 4 немересін қатарға қосу оңайға соқпады. Көп қиыншылықтарды бастан кешірді. Бүгінгі күні немересі Сұлтанының келіншегі Сымбат босанып, ақ түйенің қарны жарылып, төбелері көкке жетіп, шаңырағында үлкен қуаныш болып жатыр. Алла ұзағынан берсін деп тілейміз.

Мәуелі бәйтеректей тамырын тереңге жайған ақ жаулықты кейуана үлкен баласы Аманкелдіден 4 немере, 2 шөбере сүйіп отыр. Олардың барлығы Алматы қаласында тұрады.

Немерелері Сұлтан мен Гүлханым Алматыдан әдейілеп келіп, әжесінің 80-жасқа толу құрметіне үлкен мерей тойын жасағалы отыр.

Жастайынан тынымсыз тер төккен қарт кейуананың өмір жолы міне осындай. Қарттарымыз аман болсын. Үлкендерді құрметтеп жүрейік.

«Көлартық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұжымы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – БІЗГЕ МІНДЕТ

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру, инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні де бесенеден белгілі. Сондай-ақ, адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні ақиқат.

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген ұлы халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Бір сөзбен айтқанда, елдің ертеңі үшін, келешек ұрпақ алдында еңсеміздің бек көтеріліп жүруі үшін баршамыз жемқорлық індетімен

белсене күресіп, түп-тамырымен жоюымыз қажет. Ол үшін алдымен сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресуде халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор.

Әрине, сыбайлас жемқорлықты жою бағытында кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, жалғасын тауып келеді. Жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында түрлі шаралар: семинар-тренингтер, акциялар, дөңгелек үстелдер мен форумдар өткізілуде. Бірақ, бұл әрекеттер жеткіліксіз. Сыбайлас жемқорлықпен күрес әрбір азаматтың борышы екенін білуіміз керек. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жұрт болып жұмыла қарсы тұру қажет. Сонда ғана әлем алдында мемлекет беделі, абыройы артады деп ойлаймын.

Сонымен қатар, халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері тиіс. Яғни, бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің үддесінен шығатынымыз сөзсіз.

Мемлекеттік қызметшілердің мінсіз болуымен қатар, өзін

жетілдіруі, білімділігі мен білікті болуы күн тәртібіндегі мәселе. Бұл ретте мемлекеттік қызметшілердің жемқорлықпен күрес – ортақ дүние екенін қаперден шығармауы және оған жол бермеуі маңызды. Мемлекеттік қызметші өз қамы үшін емес, мемлекет игілігіне жұмыс істеуі, мемлекет қаржысын өз қалтасымен шатастырмауы керек. Егер адам парақорлық пен жемқорлық үшін өзін қандай жаза, жауапкершілік күтіп тұрғанын білсе ойланары сөзсіз. «Ұлтқа қызмет ету – мінезден» деп ұлыларымыз айтқандай, әркім өзі қызмет етіп жүрген салада үздік, білікті маман болса, елдің де келешегі кемелдене түсері анық.

Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Осы қоғамда жемқорлыққа «нөлдік төзімділік» ахуалын қалыптастыра алсақ, өзекжарды проблемаға айналып отырған сыбайлас жемқорлық өздігінен жойылары хақ.

Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайтуды басты мақсат етуіміз қажет.

Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне

зиян әкелетіні ақиқат. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу – олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуге және орындауына көмектесу – біздің міндетіміз екенін ұмытпайық.

Бүгін, ертең демесек те, алдағы уақытта сыбайлас жемқорлықты толығымен ауыздықтап тастамасақ та, оның қазіргіден әлдеқайда әлсізденетіндігіне өз басым кәміл сенемін. Сол мақсатқа жету үшін әрбір отбасында, балабақшада тәрбиеленетін, мектепте білім алатын баланың бойына имандылық пен адамгершілікті, еліне, жеріне, ұлтына деген жанашырлық, патриоттық сезімді тереңінен сіңіруіміз шарт.

Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз, қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетті ауыздықтай аламыз. Жаны таза, ары ақ, елі мен жерін көркейтер нағыз азамат қалыптасуы үшін ұлттық рухты жас ұрпақ бойына дұрыс дарыта білейік дегім келеді.

Руслан ҚУАНЫШБАЕВ,
Қазалы аудандық
Қазынашылық басқармасының
басшысы міндетін атқарушы

Газетіміздің келесі саны 28 маусым, сәрсенбі күні шығады

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11017 дана.